

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ	
24 ж. «19» БСН 08 1997 ж. 25 әмтн 03 Алғашқы тіркелген күні 5490 -1917-01-KAO-AO	Жүргізілді



«Бекітемін»

«Шығыс Қазақстан облысының  
энергетика және тұрғын үй -  
коммуналдық шаруашылық  
басқармасы» ММ басшысы

*[Signature]*  
Н.С. Рамазанов

- 2) Қоғамның соғындық мөхитінде 1997 жылдан бері өзгертілген;
- 3) Мемлекеттік үйде; «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы;
- 4) Орыстайда; Акционерное общество «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы;
- 5) Қоғамның атқарушы органдарының тәуліктерінде;
- 6) Шығыс, Қазисоры облысының әкімдік органдарында;
- 7) Қоғамның курылтайында;
- 8) Қоғамның мемлекеттік мөхитінде.

«Келісілген»

«Шығыс Қазақстан облысы  
қаржы басқармасы» ММ басшысы

*[Signature]*  
С.В. Большакова



### «Шығыс Жылу»

### АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

### ЖАРҒЫСЫ

1. Осы Жарғы Қатысушы Республикасының тиңнамасына сайкес азартенген және Қатысушы заңды үшін ретінен күкіткіш мәртебесін анықтаған күжат балық табынады.

2. Осы Жарғы 3 (үш) даңын, мемлекеттік және өнеркәсіп таралып жүретін заңдар, олардың барлығы бірдей заңды күшке не.

### 2. Қоғамдың зиядатты мәртебесі

3. Қоғам бастапқыда «Өскемен жылу әмбебері» енбасс акционерлік қоғамынан құрылғызы (мемлекеттік тіркелу туралы күніні 05.03.1997 жылғы сериялы A № 079724), «Өскемен жылу әмбебері» анық түрнегінде акционерлік қоғамы бойынша кайта тіркелді (мемлекеттік тіркелу туралы күніні 03.02.1998 жылғы сериялы A № 105520), «Өскемен жылу әмбебері» анық түрнегінде акционерлік қоғамы бойынша кайта тіркелді (мемлекеттік кайта тіркелу туралы күніні 19.01.2000 жылғы сериялы № 153755), «Өскемен жылу әмбебері» акционерлік қоғамы (мемлекеттік тіркелу туралы күніні 09.11.2014 жылғы сериялы № 0308285) кайта тіркелді және Жалғыз акционерлік 14.08.2024 жылғы № 5 шешімінде анықталған «Шығыс Жылу» акционерлік қоғамы бойынша кайта тіркелді.

4. Қоғам «Өскемен жылу әмбебері» акционерлік қоғамының күннегінде және міндеттерін қабылдаган күнде табылады.

Оскемен қаласы

2024 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. «Шығыс Жылу» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – Қоғам) Қоғамның құқықтық мәртебесін, қалыптастыру тәртібін және құзыретін, Қоғамды қайта үйімдастыру және қызметін тоқтату және Қоғамның қызметіне байланысты басқа да мәселелерді белгілейді және Қоғамның жоғары органымен бекітіледі.

2. Қоғамның толық атауы:

1) Мемлекеттік тілде: «Шығыс Жылу» акционерлік қоғамы;

2) Орыс тілінде: Акционерное общество «Шығыс Жылу»

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) Мемлекеттік тілде: «Шығыс Жылу» АҚ

2) Орыс тілінде: АО «Шығыс Жылу»

4. Қоғамның атқарушы органдың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Максим Горький көшесі, 61.

5. Қоғамның Жалғыз акционері Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

6. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.05.2023 жылғы № 106 қаулысымен «Шығыс Қазақстан облысы қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қоғамның құрылтайшысы болуға уәкіледті.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 18.03.2024 жылғы № 74 қаулысымен «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамының акцияларының пакетінің 100% иеленуге және пайдалануға өкілеттігі берілген «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ құқылы болып табылады және ол «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңға сәйкес Қоғамға қатысты тиісті саладағы уәкілетті орган болып белгіленді.

7. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайдын құжат болып табылады.

8. Осы Жарғы З (үш) данада, мемлекеттік және орыс тілінде әзірленді. Сонымен қатар, олардың барлығы бірдей заңды күшке ие.

## 2. Қоғамның заңдық мәртебесі

9. Қоғам бастапқыда «Өскемен жылу жүйелері» еншілес акционерлік қоғамынан құрылған (мемлекеттік тіркелу туралы қуәлігі 05.03.1997 жылғы сериясы A № 079724), «Өскемен жылу жүйелері» ашық тұрпаттағы акционерлік қоғамы болып қайта тіркелді (мемлекеттік тіркелу туралы қуәлігі 03.02.1998 жылғы сериясы A № 105520), «Өскемен жылу жүйелері» ашық акционерлік қоғамы болып қайта тіркелді (мемлекеттік қайта тіркелу туралы қуәлігі 19.01.2000 жылғы сериясы №153755), «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамы (мемлекеттік тіркелу туралы, қуәлігі 09.11.2004 жылғы сериясы № 0308285) қайта тіркелді және Жалғыз акционердің 14.08.2024 жылғы № 5 шешімі негізінде «Шығыс Жылу» акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

10. Қоғам «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамының құқықтарын және міндеттерін қабылдаған құқықтық мұрагері болып табылады.

11. Қоғам жылу энергиясын өндіру, жеткізу, бөлу және қамтамасыз ету бойынша табиғи монополиялардың субъектісі болып табылады.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық нысанында құрылған, жарғылық капиталда мемлекеттің 100%-дық қатысуымен заңды тұлға болып табылады. Қоғамның акциялар пакетінің 100%-зы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі тұлғасында мемлекетке тиесілі.

13. Қоғамның өзінің фирмалық атауы, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде және қажет болған жағдайда өзге тілдерде мөртаңбалары, фирмалық бланкілері және өзге визуалдық теңестіру құралдары, өзіндік балансы, банктік шоттары бар, оның өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын алуға және іске асыруға, міндеттерін атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға мүмкіндігі бар.

14. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, сондай-ақ осы Жарғының ережелерін басшылыққа алады.

15. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіпте Қоғам орналасқан жерінен тыс жерде заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғамның атынан және оның тапсырысы бойынша және соларға арналған Ереже негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### **3. Қоғамның және акционердің жауапкершілігі**

16. Қоғамның өз Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және ол оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік артады. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекелді болады.

### **4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

18. Қызметтің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- 1) дербес қазандықтардың жылу энергиясын өндіру;
- 2) жылу энергиясын беру және тарату;
- 3) жылу энергиясын сату;
- 4) жылу электр станцияларымен жылу энергиясын (ЖЭО қоса алғанда) өндіру;
- 5) жылу электр станцияларымен электр энергиясын өндіруі;
- 6) электр энергиясын жеткізу;
- 7) электр энергиясын желіге жіберу және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясы өндірудің тұтынуын баланстауды ұйымдастыру;

- 8) жүктеменің тұсуіне электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету, электр қуатын реттеу және резервтеу;
- 9) электр энергиясын тарату;
- 10) электр энергиясын сату.

В случае необходимости получения лицензии для осуществления того или иного вида деятельности, Общество осуществляет этот вид деятельности только при наличии соответствующей лицензии.

## **5. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары**

19. Қоғамның Акционері төмендегі құқықтарға ие болып табылады:
  - 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Занда және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу;
  - 2) дивиденттер алу;
  - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу, төмендегі ақпаратты қоспағанда:
    - талап қойылған күнге қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;
    - соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);
    - акционердің өтініш берген күніне орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (акционердің өтініш берген күніне дейін үш жылдан астам) қатысты;
  - 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
  - 5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;
  - 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айту;
  - 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және Қоғамға салынған сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;
  - 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне ие болу;
  - 9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Занда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;
  - 10) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап ету;
  - 11) өз қаржысы есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамда аудит жүргізуін талап ету.

## **6. Қоғамның мұлкі**

20. Қоғамның мұлкі төмендегілер өсебінен қалыптастырылады:
  - 1) Жалғыз акционердің Қоғам акцияларын төлеу үшін берген мұлкі;
  - 2) қызметі нәтижесінде алынған табыстар;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мұлкі.

## 7. Қоғамның акциялары және өзге бағалы қағаздары

### Бағалы қағаздарды орналастыру шарты

21. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

22. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығын, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтерге ие болу, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

23. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымға салу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

24. Жалғыз акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын, Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялар және/немесе басқа бағалы қағаздар үшін акциялар орналастырыла бастаған күннен кейін күнтізбелік тоқсан (90) күн ішінде ақы төлей алады.

## 8. Таза табысты бөлу тәртібі

### Акциялар бойынша дивидендтер

25. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тек Қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана және Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

26. Қоғамның таза табысы (салықтар мен міндепті төлемдерді бюджетке төлегеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіpte бөлінеді, соның ішінде дивидендтерді төлеу де қарастырылады. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе Жалғыз акционердің шешімімен қарастырылған өзге де мақсаттарға жұмсалады.

Жалғыз акционер күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Орналастырылмаған немесе Қоғам сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

27. Қоғамның жай акциялары бойынша төмендегі жағдайларда дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді:

1) өз капиталының мөлшері теріс болса немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болып шықса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

3) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздаррынды туралы» заңдарында көзделген жағдайларда.

## 9. Қоғамның органдары

28. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары органы - Жалғыз акционер ( себебі Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі);
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Бас директор.

29. Барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі, сондықтан акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Жалғыз акционердің шешімдері тиісті саладағы уәкілетті орган болып табылатын - «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және түрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ тарапынан қабылданады және жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

30. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер және (немесе) қосымшалар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;
- 3) аудителген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 4) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу немесе Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 7) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің құшін жою;
- 8) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру, тарату және атауын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 9) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 10) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оны қабылдаған жағдайда оған енгізілетін өзгерістер мен қосымшаларды бекіту;
- 11) Қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау, нәтижесінде мәміле жасау шешімі қабылданған күні мәміленің құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын

мүлікті Қоғам иелікten шығарады (иеліктен шығаруы мүмкін) және оның нәтижесінде елу және одан көп пайызды құрайтын мүлік иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін);

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Қоғам Жарғысы негізінде Жалғыз акционердің шешім қабылдайтын айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

31. Осы Жарғының 30-тармағының 1-ден бастап 7 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ Қоғамның мемлекеттік мүлік жөніндегі құрылтайшысы болып табылатын «Шығыс Қазақстан облысының қаржы бөлімі» ММ келісе отырып қабылдайды.

32. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және/немесе осы Жарғы негізінде Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау, өзгерістер және толықтырулар енгізу, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) Жалғыз акционердің жылдық және кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Бас директордың өкілеттік мерзімін белгілеу, оны сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Бас директордың лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу талаптарын белгілеу;

8) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қоғамның даму жоспарының іске асырылуын бағалау және Қоғамның даму жоспарының орындалуы бойынша есепті бекіту;

9) Қоғамның Жалғыз акционері осы Жарғының 31-тармағының 12) тармақшасына сәйкес шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Қоғамның мұддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

12) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелер бекіту, сондай-ақ, комитеттердің мүшелерін сайлау;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережелер бекіту;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

33. Директорлар кеңесі төмендегілерді орындауға міндettі:

1) лауазымды тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және мәмілелерді мүддесіне қарай жасау әрекеттерін қадағалау және оларды мүмкіндігінше жою;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

34. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдары және осы Жарғының ережелері негізінде белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі 8 (сегіз) мүшеден тұрады, оның ішіне Төраға кіреді, олардың әрқайсысы дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің мүшелері санының кемінде 1/3 (үштен бірі) тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

35. Директорлар кеңесінің құрамына тиісті саланың уәкілетті органының өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының өкілдері міндettі түрде кіруі тиіс.

36. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің шешімі бойынша сайланады және өкілеттігі тоқтатылады.

37. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді;

2) Директорлар кеңесінің отырысын жоспарлайды және күн тәртібін қалыптастырады;

3) Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, әрі жан-жақты және терең қарастыру, ашық талқылауға ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу дің барынша нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

5) дауыстардың мөлшері тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

38. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан да көп пайызын құрайды.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

39. Директорлар кеңесі жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

40. Мынадай тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды:

- жоғары немесе орта арнайы білімі жок;
- занда белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелмеген немесе алынып тасталмаған;

- банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санациялауға, мәжбүрлеп таратуға жатқан заңды тұлғаның басшысы болған.

41. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

42. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарастыруына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесінің төрағасы қабылдайды.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беру Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің тікелей дауыс беруге арналған бюллетенъдерде өз қолдарын қою арқылы жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетенъдер және дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жолданады (таратылады).

Бюллетенъде төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетенъдерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнде тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) дауыс берудің «ия», «жоқ», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 6) бюллетенъді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер.

43. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен дауыс беруге арналған бюллетенъдерді алғаннан кейін корпоративтік хатшы сырттай отырыс хаттамасымен бірге аталған бюллетенъдерді Директорлар кеңесінің төрағасына қарастыру үшін жолдайды. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуы тиіс.

Хатшы шешімді ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетенъдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

44. Директорлар кеңесінің ашық отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса тіркеліп, ал сырттай дауыс беру өткізілетін кезде сырттай дауыс беруге арналған қосымша бюллетенъдер қоса тіркеліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың (сырттай дауыс беру отырысының) өткізілетін күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

45. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Бас директор жүзеге асырады, ол Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Бас директор Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

46. Бас директор:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Жалғыз акционер және/немесе Директорлар кеңесі бекітетін мәмілелерге жатпайтын мәмілелер жасайды;
- 5) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелей және тәртіптік жаза шараларын қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы органның және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;
- 6) Қоғамның барлық қызметкерлерінің міндетті түрдегі орындауы үшін өкімдер шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Бас директор болмаган жағдайда ол өз міндеттерін орындауды орынбасарларының біріне жүктейді;
- 8) қажеттіліктерге жауап беретін және тәуекелдерді дұрыс бақылауды және азайтуды қамтамасыз ететін Қоғамның ұйымдық құрылымын бекітеді
- 9) Қоғамның даму Жоспарын әзірлейді және орындайды, сондай-ақ даму Жоспарының орындалуы туралы есеп береді;
- 10) жыл сайын мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган – «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ назарына Қоғам қызметінің нәтижелерін жеткізеді;
- 11) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімімен және осы Жарғының ережелерімен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

## **10. Қоғамның аффилирленген тұлғалары**

47. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді (үәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

48. Қоғамның Жалғыз акционері және лауазымды тұлғалары, Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған/тоқтатылған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Қоғамға жазбаша түрде төмендегі мәліметтерді ұсынуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы;

2) аффилирленген тұлғалардың аффилирленуінің тоқтатылуы туралы.

49. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

## **11. Қоғамның есебі және есептілігі**

50. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

51. Бас директор жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жасалған өткен жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін ұсынады. Бас директор қаржылық есептіліктен басқа аудиторлық есепті табыс етеді.

52. Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есептілікті Жалғыз акционердің бекітуі күніне дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуі тиіс.

53. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті.

54. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

## **12. Қоғамның ақпаратты жария етуі**

55. Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптарына және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізуге міндетті.

56. Келесі корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Жалғыз акционердің мүдделерін қозғаушы болып танылады:

1) Жалғыз акционер және/немесе Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның бір мезгілде ірі мәмілелер мен келесі талаптарға жауап беретін мәмілелер жасауы: Қоғамның мүдделілігі бар және құны Қоғамның уәкілетті органы мәміле жасау шешімі қабылдаған күні Қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер.

Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ бар болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын көлемде қарыз алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарының қолданылуын уақытша тоқтатуы немесе толық тоқтатуы;

7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

9) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкін жойылуына ықпал еткен төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

12) осы Жарғыға және Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

57. Жалғыз акционер Қоғамға оның айрықша меншігін құрайтын ақпаратты ашқан жағдайда, оның үстіне ашылатын ақпарат жазбаша нысанда ұсынылса және «Құпия» белгісі қойылған болса, Қоғам мұндай ақпараттың құпиялығын сақтауды, сондай-ақ, осы ақпаратты білген кез келген үшінші тараптан (мұндай ашу негізделген кезде) ақпараттың құпиялығын сақтауды және оны Жалғыз акционердің жазбаша келісімінсіз Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының шегінен тыс мақсатта пайдаланбауды және ашпауды талап етуге міндеттенеді. Қоғамның құпия ақпаратын сақтау жөніндегі жоғарыда аталған талапты Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері орындауды тиіс. «Құпия» белгісі бар ақпаратқа төмендегілер жатпайды:

1) жалпыға мәлім болып табылатын, алайда Қоғамның Жалғыз акционерінің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде мәлім болмаған ақпарат;

2) Үшінші тараптан Жалғыз акционерге одан әрі ашу құқығы шектелмейтін заңды негіздерде берілген ақпарат;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпарат.

58. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуі қамтамасыз етеді.

59. Қоғам мен оның акционері өзінің хабарламаларын, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялауға жататын басқа да ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына, яғни, Қоғамның өзінің веб-сайтына, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына жариялауға міндетті және (немесе) «Мой город», «Рудный Алтай», мерзімді баспасөз басылымдарына да шығаруға болады.

60. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғамның корпоративтік дау бойынша азamatтық іс жөнінде тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде беріледі.

### **13. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

61. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

62. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерімен реттеледі.

## 14. Қорытынды ережелер

63. Қоғам осы Жарғы негізінде реттелмеген барлық басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін басшылыққа алады.

64. Егер Жарғы ережелерінің бірі заңсыз болып қалса, бұл Жарғының басқа ережелерінің істен шығуына себеп болмайды. Жарғының заңсыз болып қалған ережесі құқықтық жағынан рұқсат етілетін мағынасы бойынша үйлесетін ережемен ауыстырылады.

65. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**«Шығыс Қазақстан облысының энергетика және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ**

Басшысы

Дарын Рамазанов Нұрлан Сагидханович

Жалғыз акционердің «14» тамыз 2024 жылғы № 5 Шешімі.

//

«Утверждаю»  
Руководитель  
**ГУ «Управление энергетики и  
жилищно-коммунального хозяйства  
Восточно-Казахстанской области»**



**Н.С. Рамазанов**

«Согласовано»

Руководитель  
**ГУ «Управление финансов  
Восточно-Казахстанской области»**



**С.В. Большакова**

2. Полное наименование Общества:  
1) На государственном языке: «**ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области»**»  
2) На русском языке: Администрация ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области»  
3) Сокращенное наименование: ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области»  
4) На государственном языке: «**ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области»**»  
5) На русском языке: Администрация ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области»  
6) Местонахождение: Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск, ул. Миссана Герая, 100, кв. 100

3. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск, ул. Миссана Герая, 100, кв. 100

4. Платиновленный Устав ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области» от 19.03.2024 года № 74, правом владения и пользования 100% акций акционерного общества «Усть-Каменогорское государственное управление «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области», которое в соответствии с Законом «О государственном имуществе» определено уполномоченным органом соответствующей спаси в отношении Общества.

5. Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и имеющимися документами, определяющими правовой статус, как юридического лица.

6. Настоящий Устав составлен в 3 (трех) экземплярах на государственном казахском языке. При этом все они имеют равную юридическую силу.

## АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

### «Шығыс Жылу»

7. Общество первоначально создано из Дочернего акционерного общества «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №67-724 от 05.03.1997 года), пере登记ировано в акционерное общество открытого типа «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №10774 от 15.03.1998 года), пере登记ировано в Открытое акционерное общество «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №15776 от 10.01.2000 года), пере登记ировано в акционерное общество «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации №5 от 09.11.2004 года) и

## 2. Юридический статус Общества

8. Общество первоначально создано из Дочернего акционерного общества «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №67-724 от 05.03.1997 года), пере登记ировано в акционерное общество открытого типа «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №10774 от 15.03.1998 года), пере登记ировано в Открытое акционерное общество «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации серии А №15776 от 10.01.2000 года), пере登记ировано в акционерное общество «Усть-Каменогорские тепловые сети» (справедельство о государственной регистрации №5 от 09.11.2004 года) и

**г. Усть-Каменогорск**  
**2024 год**

## 1. Общие положения

